

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 және 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қазандағы N 1062 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада :

II "Шығындар" бөлімінде :

233 "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" әкімшісі
б о й ы н ш а :

001 "Индустрия және сауда саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасында :

001 "Орталық органның аппараты" кіші бағдарламасындағы "1272105" деген сандар "1284105" деген сандармен ауыстырылсын;

017 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасындағы "71418" деген сандар "68418" деген сандармен ауыстырылсын;

101 "Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі" кіші бағдарламасындағы "55978" деген сандар "46978" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 316-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-т а р м а қ т а :

реттік нөмірі 2-жолдың 5-бағанының тоғызыншы абзацының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын :

"4) Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың қорытындыларына арналған іс-шаралар кешенін жүргізу.";

реттік нөмірі 6-жолдың 5-бағанындағы "137" және "5" деген сандар тиісінше "183" және "12" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

